

Ә.Е. Төлепов\*, PhD докторанты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

\* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: Adil-tulepov@mail.ru

ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКА, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАРШЫСЫ, 2021. – №1(42)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Мақалада Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) аймақтарының инновациялық экономикасының және инновациялық қызметінің дамуын талдау және бағалаудың ерекшеліктері мен әдістері қарастырылды. Аймақтың инновациялық әлеуеті, инновацияларды қабылдау қабілеті ұғымдарының анықтамалары берілді. Жалпы мемлекет экономикасының үдемелі дамуындағы инновациялық экономика мен инновациялық қызметті дамытудың маңыздылығы анықталды. Аймақтың инновациялық экономиканың дамуы мәселелерімен айналысатын экономистер мен зерттеуші-ғалымдардың еңбектері зерделенді. Әр түрлі шетелдік және Қазақстандық әдебиет көздерінде көрсетілген инновациялық қызметті талдау және бағалаудың әдістер тобы жинақталды. Батыс Қазақстан аймағының инновациялық экономикасы дамуының, оның ішінде инновациялық әлеуеті мен қабылдау қабілеті көрсеткіштері жүйеленіп, талдау жүргізілді. Автормен инновациялық экономиканың негізгі көрсеткіштерін есептеуге арналған арнайы формулалар ұсынылды. Берілген формулалар арқылы есептеу алгоритмін сақтай отырып, белгілі әдістеме бойынша есептеу жұмыстары жүргізілді. Есептеулердің қорытындысы бойынша соңғы жылдардағы Батыс Қазақстан аймағының (оның ішінде Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары бойынша) инновациялық қызметінің дамуы бағаланып, негізгі мәселелері анықталды. Инновациялық қызметті аймақтық деңгейде бағалаудың әдісі, қосымша критерийлері және анықталған мәселелерді жетілдіру жолдары ұсынылды. Сонымен қатар аймақтық деңгейде инновациялық экономиканың дамуына әсер етуші негізгі факторлар анықталды. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің болашақта мемлекет аймақтарының инновациялық экономикасының дамуын талдау мен бағалау кезінде қолдану мүмкіншіліктері туралы болжам жасалды. Мақала соңында жүргізілген зерттеу жұмысы пысықталып, негізгі мәселелер бойынша қорытынды жасалды.

**Кілт сөздер:** инновациялық экономика, аймақтың инновациялық қызметі, инновациялық әлеует, инновацияларды қабылдау қабілеті, инновацияларды бағалау, Батыс Қазақстан аймағы, индустриялық-инновациялық саясат, индекстік және интегралды әдістер, инновациялық өнім, инновациялық даму көрсеткіштері.

**Ключевые слова:** инновационная экономика, инновационная деятельность региона, инновационный потенциал, инновационная восприимчивость, оценка инноваций, Западно-Казахстанский регион, индустриально-инновационная политика, индексные и интегральные методы, инновационный продукт, показатели инновационного развития.

**Keywords:** innovative economy, innovative activity of the region, innovative potential, innovative receptivity, innovation assessment, West Kazakhstan region, industrial and innovative policy, index and integral methods, innovative product, indicators of innovative development.

JEL classification: O310, O320, O470

**Кіріспе.** Кез келген мемлекеттің тиімді экономикалық қызметті ұйымдастыруға талпынысы қалыпты жағдай болып табылады. ҚР өзінің тиімді экономикалық жүйесін мемлекеттің индустриалық-инновациялық саясатының нақты әлеуметтік-экономикалық шарттары негізінде жүзеге асырады. Инновациялық экономиканы қалыптастырудың басты маңыздылығы – қор және ресурсты үнемдеу негізінде өндіріспен қызмет көрсету саласын интенсификациялау болып табылады. Е. Әмірбекұлының пікірінше, инновациялық қызмет – ғылыми ізденістер мен дайындамалардың, ғылыми-техникалық жетістіктердің немесе басқа да ақыл-ой жемісінің жаңа немесе жетілдіріліген өнім, технологиялық үрдіс, қандай да бір әс-әрекет немесе туынды түріндегі көрінісі [1, 13-б.].

Автордың пікірінше, инновациялар дегеніміз – түрлі деңгейде қаржылық, экономикалық, әлеуметтік-саяси және экологиялық тиімділік алып келетін, жаңа немесе сапасы жақсартылған тауар, қызмет түрі, үрдіс немесе инновациялық экономиканы қалыптастыру мен дамытудың жаңа әдіс-тәсілдерінің жиынтығы болып табылатын түрлі деңгейдегі инновациялық қызметтің нәтижесі. Бұл ретте инновациялық қызметтің деңгейлерін келесідей бөліп көрсетуге болады: кәсіпорын деңгейіндегі, жекелеген аймақтық, біртұтас ұлттық деңгейде, жаһандық немесе әлемдік деңгейде. Зерттеуші ғалым Н.Н. Баранский ҚР аумағын бес экономикалық ауданға бөлуді ұсынған болатын [2, 24-б.]. Осыған сәйкес, автор зерттеу жұмысының басты объектісі ретінде Батыс Қазақстан аймағын алып отыр.

Мақаланың мақсаты – аймақтық деңгейде инновациялық қызметтің тиімділігін бағалау әдістерін зерттеу және жетілдіру жолдарын ұсыну.

Қойылған мақсатқа сәйкес бірнеше міндеттер шешілуі тиіс: аймақтың инновациялық қызметі түсінігінің негізгі аспектілерін және оны бағалаудың негізгі әдістерін

анықтау; Батыс Қазақстан аймағының инновациялық қызметін талдау және бағалау; аймақтық инновациялық қызметті бағалау әдістерін жетілдіру жолдарын ұсыну және қорытындылау.

Зерттеу материалдары ретінде шетелдік және ҚР ғалымдарының еңбектері алынды. Оның ішінде, Ресей ғалымдарының инновациялық қызметті аймақтық деңгейде талдау мен бағалау кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдерінің негізгілері қарастырылып, жетілдіру жолдары ұсынылды. Мақалада экономикалық зерттеу жұмыстары кезінде қолданылатын негізгі статикалық және арнайы динамикалық әдістер қолданылды. Мәселен, әдебиеттерге шолу кезінде библиографиялық әдіс қолданылса, теориялық негіздемелерді жинақтау және біріктіру мен авторлық көзқарастарды қалыптастыру барысында индукция әдісі қолданылды. Алынған нәтижелерді қорытындылау және әдістерді ұсыну үшін көптеген көрсеткіштердің ішінен ең қажетті көрсеткіштерді топтау жұмыстары ғылыми абстракция әдісі негізінде жасалды. Ал көрсеткіштерді талдау мен бағалау статистикалық мәліметтер негізінде математикалық әдістер арқылы есептелді.

**Әдебиеттік шолу.** Макро, мезо және микро деңгейлерде инновациялық қызметті талдау және бағалаудың әдістерін шетелдік, Қазақстандық экономист-ғалымдар өз еңбектерінде зерттеген. М. Дзиллас және К. Блайнд Scopus базасының 2019 жылы наурыз айында Technovation журналында жарияланған «Innovation indicators throughout the innovation process: An extensive literature analysis» атты мақаласында инновациялық үдерістердің барлық кезеңінде қолданылатын талдау көрсеткіштерін зерттеген [3, 3-29 б.]. Ә.Е. Төлепов және А.Б. Майдырованың Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысында жарияланған «Assessment of the effectiveness of innovative activities of enterprises in the West Kazakhstan region» атты мақаласында аймақтағы инновациялық

қызметті зерттеу әдістері қолданыла отырып, бағалау жүргізілген [4, 94-103 б.]. Ресей ғалымдары А.А.Шорина, Н.В. Фролова [5], Т.Г. Евдокимова [6], В.А. Швандар [7], сонымен қатар Қазақстан ғалымдары Е. Әмірбекұлы [1], Ә.Ә. Сатыбалдин, Б.Н. Исабеков және Д.М. Башиков [8], С.Б. Абдыгаппарова [9] және жалпы аймақтың экономикалық әлеуетін бағалау мәселелерін Х.Х. Кусаинов пен Н.Т. Әжмұрат [2] сынды ғалымдар өз еңбектерінде зерттеген. Мәселен, В.А. Швандар бастаған ғалымдар тобы өз еңбегінде инновациялық қызметтің тиімділігін бағалау кәсіпорындарды, саланы немесе халық шаруашылығын басқарудың түрлі деңгейлерінде инвестициялық жобаларды бағалау арқылы жүзеге асатындығын дәлелдеген [7, 338-б.]. Зерттеуші-ғалымдар А.А. Шорина және Н.В. Фролова аймақтардың инновациялық қызметін дамыту барысында инновативтілік индексіні қолдану ерекшеліктерін зерттеген [5, 33-38 б.]. Т.Г. Евдокимова, Г.А. Маховикова және Н.Ф. Ефимова инновациялық қызметті бағалаудың статикалық және динамикалық әдістерін ұсынған [6, 171-178 б.]. Қазақстандық ғалым С.Б. Абдыгаппарова кәсіпорындардың инновациялық қызметінің жалпы инновациялық үдерістерге әсерін талдау және бағалау үшін экономикалық тәуекелділік коэффициентін есептеу қажеттігіне баса назар аударған [9, 101-114 б.]. Ә.Ә. Сатыбалдин, Б.Н. Исабеков және Д.М. Башиков сынды ғалымдар өз монографиясында аймақтардың инновациялық әлеуетін талдау үшін ҚР Экономика институтымен ұсынылған үлгіні алуға болатындығын ескерген [8, 337-б.].

Қазіргі таңда нақты кәсіпорындар деңгейінде инновациялық қызметті бағалаудың әдістері жетілдіруде. Дегенмен, тұтас мемлекет немесе оның жекелеген аймақтары деңгейінде инновациялық қызметті бағалаудың бірыңғай әдістері қалыптаспаған.

**Негізгі бөлім.** Қазіргі уақытта аймақ-

тың инновациялық қызметін бағалайтын қолданыстағы әдістерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Индекстік әдістер – инновациялық процестердің сандық және сапалық сипаттамаларын түсіндіретін айнымалыларды индекстер арқылы бағалауға негізделген әдістер (мысалы, the Boston Consulting Group индексі).

2. Ұпайлық және рейтингілік бақылау әдістері – коэффициенттерді және аймақтың инновациялық дамуының жекелеген көрсеткіштерін анықтауға бағытталған (мысалы, Global Innovation Index).

3. Матрицалық әдістер – бұл әдістер экономикалық қызмет түрлері негізінде аймақтардың инновациялық даму элементтері арасындағы арақатынасты сандық бағалауға негізделген (мысалы, аймақтардың инновациялық әлеуетін бағалау әдісі).

4. Интегралды әдістер – аймақтың экономикалық дамуындағы белгілі бір тікелей және жанама көрсеткіштерді жүйелеу арқылы аймақтың инновациялық қызметін талдау және бағалау (мысалы, аймақтың инновативтілігі көрсеткіші).

The Boston Consulting Group, the Global Innovation Index сынды әдістер экономикасы дамыған мемлекеттерде кеңінен қолданылады. Дегенмен, экономикасы дамушы мемлекеттердің ерекшеліктері ескерілмейді. Сондықтан біздің еліміздің аймақтарының инновациялық дамуын талдау барысында бұл әдістерді қолдану толық нәтиже алу мүмкіндігін шектейді. Аймақтың бәсекеге қабілеттілік моделі әдісін қолдану барысында объективті бағалау үшін көптеген артық көрсеткіштер қолданылуы мүмкін. Бұл инновациялық қызметті талдау және бағалау үрдісін күрделендіретіні анық. Сондықтан ҚР аймақтарының инновациялық қызметін талдауда қолданылатын көрсеткіштердің жиынтығын абстракциялау арқылы қалыптастыру қажет. Осындай әдістердің бірі ретінде аймақтың инновативтілік индексіні [3, 33-38 б.] атауға болады. Бұл әдіс инте-

гралды индикатор ретінде есептеледі, оның негізінде белгілі бір критерийлер бойынша инновацияларды және инновациялық үрдістерді сипаттайтын әртүрлі факторлар жатыр. Бұл әдіс келесі формула бойынша есептеледі [5, 33-38 б.]:

$$ИИ = \frac{A + B + C + \frac{D + E}{2} + F + G}{6}, \quad (1)$$

мұндағы А – аймақтағы ірі қалалар тұрғындарының үлесі;

В – мемлекеттік жоғары оқу орындары (бұдан әрі – ЖОО) білім алушыларының жалпы білім алушылар ішіндегі үлесі;

С – қызмет көрсетуде бойынша ғылым саласындағы қызмет ететіндердің үлесі;

Д – Жалпы аймақтық өнімдегі (бұдан әрі – ЖАӨ) қызмет көрсету саласының үлесі;

Е – ЖАӨ-дегі ғылым саласының үлесі;

Ғ – аймақтардың ұялы байланыспен қамтылу көрсеткіші;

Г – аймақтардың интернетпен қамтылу көрсеткіші. Сонымен қатар бұл әдістің екінші формуласы инновативтілік индексін F және G көрсеткіштерін қолданбай-ақ анықтауға мүмкіндік береді. Дегенмен, автордың пікірінше, бұл әдістің кемшілігі – аталған көрсеткіштер бойынша мәліметтердің қолжетімсіздігі және нақты көрсеткіштердің толық қамтылмауы болып табылады. Яғни әдісте ұсынылған көрсеткіштер тек қана аймақтың инновациялық әлеуетінің көрсеткіштері болып келеді. Ұйымның, кәсіпорынның, мемлекеттің инновациялық әлеуеті инновациялық үрдіс барысында шешуші мәнге ие, сонымен қатар олардың инновациялық белсенділігі үшін жағдай жасайды. Алайда, Т.В.Колосованың пікірінше, «Инновациялық әлеуетті қалыптастыру процесі – инновациялық сипаттағы тиімді шешімдер қабылдаудың және олардың салдарын бағалаудың формализацияланған аппаратының жоқтығына тап болады» [10, 3-б.]. Сонымен қатар автордың пікірінше, инновациялық

әлеует көрсеткіші елдің және оның аймақтарының инновациялық қызметінің дамуын көрсететін негізгі көрсеткіш ретінде алынғаны дұрыс емес. Инновациялық әлеует инновациялық қызметті іске асыруға қажетті құрама ретінде есептелуі керек. Сондықтан инновациялық әлеуетті қолдана отырып, аймақтардың инновацияларды қабылдау көрсеткіштерін де кешенді түрде есептеу толық нәтижелер беруі мүмкін. Яғни, біздің ойымызша, аймақтың инновациялық қызметін толық талдау және бағалау үшін инновациялық әлеует және инновацияларды қабылдау қабілеті көрсеткіштерін кешенді қолдану арқылы анықтау нақты нәтижелер береді. Бұл ретте, автор келесі формуланы ұсынады:

$$K_{a.и.д.} = K_{и.ә.} - K_{и.к.}, \quad (2)$$

мұндағы  $K_{a.и.д.}$  – аймақтың инновациялық даму көрсеткіші;

$K_{и.ә.}$  – инновациялық әлеует көрсеткіші;

$K_{и.к.}$  – инновацияларды қабылдау көрсеткіші.

Инновациялық әлеует инновациялық қызметті дамытуға қажетті барлық қаржылай, материалдық, кадрлық және табиғи ресурстар, ал инновацияларды қабылдау қабілеті осы ресурстардың іс жүзінде нақты қолданылуын көрсететін негізгі көрсеткіштер екендігін ескерсек, аймақтың инновациялық дамуы тиімділігін анықтау үшін аталған екі көрсеткіш нәтижелерінің айырмасы аймақтың инновациялық қызметін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Инновациялық әлеует және қабылдау қабілеті көрсеткіштерінің элементтері өте көп. Оның ішінде, абстракциялау арқылы автор негізгі 7 көрсеткішті таңдап отыр. Олар: инновациялық стартап жобалардың барлық бизнес-жобалардағы үлесі; 1000 адамға шаққандағы патенттер санының үлесі; ғылым докторы, кандидаты, PhD, бейіні бойынша докторлардың жалпы зерттеулер мен талдамаларға жұмылдырылған мамандар санындағы үлесі; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі – ҒЗТКЖ),

әзірлемелермен айналысатын мекемелер санындағы ЖОО-ның үлес салмағы; инновациялық өнім көлемінің жалпы өндірілген өнім көлеміндегі үлесі; инновациялары бар кәсіпорындар мен мекемелердің барлық респонденттер санындағы үлесі және инновациялық өнімдердің ЖАӨ-дегі үлесі.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [11] және Ұлттық зияткерлік меншік институтының [12] мәліметтеріне сүйене отырып, Батыс Қазақстан аймағының инновациялық әлеует деңгейінің көрсеткіштерін 1-кестеде көруімізге болады:

1-кесте

**2017-2019 жылдардағы Батыс Қазақстан аймағының инновациялық әлеуеті деңгейінің көрсеткіштері\***

№	Инновациялық әлеует деңгейі, %	Облыстар бойынша	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
1.	Инновациялық стартап жобалардың барлық бизнес-жобалардағы үлесі	Ақтөбе	22,1	23,1	22,8
		Батыс Қаз.	18,1	17,2	16,4
		Атырау	16,8	17,1	16,9
		Маңғыстау	14,7	13,8	14,5
2.	1000 адамға шаққандағы патенттер үлесі	Ақтөбе	10,2	10,6	11,1
		Батыс Қаз.	6,1	6,0	5,8
		Атырау	4,9	4,8	4,65
		Маңғыстау	3,7	3,9	4,3
3.	Ғылым докторы, кандидаты, PhD, бейіні бойынша докторлардың жалпы зерттеулер мен талдамаларға жұмылдырылған мамандар санындағы үлесі	Ақтөбе	31,5	32,8	33,1
		Батыс Қаз.	43,6	42,8	52,7
		Атырау	9,3	10,5	11,8
		Маңғыстау	7,3	7,1	7,8
4.	ҒЗТКЖ, әзірлемелермен айналысатын мекемелер санындағы ЖОО үлес салмағы	Ақтөбе	37,5	37,5	40,0
		Батыс Қаз.	50,0	40,0	33,3
		Атырау	6,25	6,25	6,25
		Маңғыстау	33,3	33,3	33,3
	Орташа мәні:		78,84	76,69	78,68

\*Автормен құрастырылған

2-кесте

**2017-2019 жылдардағы Батыс Қазақстан аймағының инновациялық қабылдау қабілеті деңгейінің көрсеткіштері\***

№	Инновацияларды қабылдау қабілеті көрсеткіштері, %	Облыстар бойынша	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
1	2	3	4	5	6
1.	Инновациялық өнім көлемінің жалпы өндірілген өнім көлеміндегі үлесі	Ақтөбе	3,44	3,05	3,22
		Батыс Қаз.	0,95	0,94	1,0
		Атырау	0,1	0,12	0,1
		Маңғыстау	0,012	0,023	0,27

1	2	3	4	5	6
2.	Инновациялары бар кәсіпорындар мен мекемелердің барлық респонденттер санындағы үлесі	Ақтөбе	10,1	10,6	10,6
		Батыс Қаз.	5,3	5,3	5,3
		Атырау	8,0	8,3	9,0
		Маңғыстау	3,5	4,0	3,4
3.	Инновациялық өнімдердің ЖАӨ-дегі үлесі	Ақтөбе	2,34	2,1	2,0
		Батыс Қаз.	0,78	0,84	0,84
		Атырау	0,1	0,11	0,1
		Маңғыстау	0,008	0,18	0,22
	Орташа мәні:		11,6	11,8	12,0

\*Автормен құрастырылған

Кестеден көріп отырғанымыздай, Батыс Қазақстан аймағының инновациялық әлеуетінің орташа көрсеткіші 2017-2019 жылдар аралығындай айтарлықтай өзгеріске ұшырамаған. 2018 жылы 2,15-ке кеміп, 2019 жылы 1,99-ға артқан. Батыс Қазақстан аймағының инновациялық қабылдау қабілеті деңгейінің негізгі көрсеткіштері 2-кестеде қарастырылған.

Кестеден көріп отырғанымыздай 2017-2019 жылдар аралығында Батыс Қазақстан аймағының инновацияларды қабылдау қабілетінің орташа көрсеткіші біртіндеп жоғарылап, 2019 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 0,4 %-ға артқан.

Аймақтың инновациялық әлеуеті көрсеткішін анықтау үшін автор келесі формуланы ұсынады:

$$K_{и.ә.} = \frac{\Sigma A + B + C + D}{4}, \quad (3)$$

мұндағы А – инновациялық стартап жобалардың барлық бизнес-жобалардағы үлесі;

В – 1000 адамға шаққандағы патенттер санының үлесі;

С – ғылым докторы, кандидаты, PhD, бейіні бойынша докторлардың жалпы зерттеулер мен талдамаларға жұмылдырылған мамандар санындағы үлесі;

D – ҒЗТКЖ, әзірлемелермен айналысатын мекемелер санындағы ЖОО-ның үлесі.

Ал аймақтың инновациялық қабылдау қабілеті көрсеткішін анықтау үшін келесі формуланы қолданамыз:

$$K_{и.қ.} = \frac{\Sigma E + F + G}{3} \quad (4)$$

мұндағы E – инновациялық өнім көлемінің жалпы өндірілген өнім көлеміндегі үлесі;

F – инновациялары бар кәсіпорындар мен мекемелердің барлық респонденттер санындағы үлесі;

G – инновациялық өнімдердің ЖАӨ-дегі үлесі.

2 және 3-кестедегі мәліметтері және 3-4 формулалары арқылы 2017-2019 жылдардағы аймақтардың инновациялық әлеуеті және инновациялық қабылдау қабілеті көрсеткіштерін есептей отырып, келесі нәтижелерді анықтаймыз:

2017 жылға:

$$K_{и.ә.} = \frac{71,7+24,9+91,7+127,05}{4} = 78,84.$$

$$K_{и.қ.} = \frac{4,502+26,9+3,3228}{3} = 11,6.$$

2018 жылға:

$$K_{и.ә.} = \frac{71,2+25,3+93,2+117,5}{4} = 76,69.$$

$$K_{и.қ.} = \frac{4,133+28,2+3,23}{3} = 11,8.$$

2019 жылға:

$$K_{и.ә.} = \frac{70,6+25,85+105,4+112,85}{4} = 78,68.$$

$$K_{и.қ.} = \frac{4,59+28,3+3,16}{3} = 12,0.$$

## Финансы и учет

2-формулананы қолдана отырып, аймақтың инновациялық даму ( $K_{a.и.д.}$ ) көрсеткішін анықтаймыз:

2017 жылға:

$$K_{a.и.д.} = 78,84 - 11,6 = 67,24.$$

2018 жылға:

$$K_{a.и.д.} = 76,69 - 11,8 = 64,89.$$

2019 жылға:

$$K_{a.и.д.} = 78,68 - 12,0 = 66,68.$$

Есеп нәтижелері бойынша келесідей қорытынды шығаруға болады:

Егер  $K_{a.и.д.} = 0$  – аймақтың инновациялық қызметінің үдемелі дамуы;

Егер  $K_{a.и.д.} = (0; 100)$  – аймақтың инновациялық қызметінің бір қалыпты дамуы;

Егер  $K_{a.и.д.} = (0; +\infty)$  – аймақтың инновациялық қызметінің баяу дамуы немесе артта қалуы.

Демек, 2017-2019 жылдардағы Батыс Қазақстан аймағының инновациялық экономикасы бір қалыпты дамығандығы анықталады. Дегенмен, 2018 жылы 2017 және 2019 жылдарға қарағанда тиімдірек. Яғни бұдан шығатын қорытынды, аймақтың инновациялық әлеуеті мен оларды қабылдау қабілеті көрсеткіштерінің орташа мәндерінің айырмасы неғұрлым 0-ге жақындаған сайын, соғұрлым аймақтың инновациялық қызметінің тиімді дамуын көрсетеді. Демек, инновациялық әлеуеттің барлық ресурстары кәсіпорындар деңгейінде, сәйкесінше аймақтық деңгейде тиімді пайдаланғандығын білдіреді.

**Қорытынды.** Мемлекеттің біртұтас және жекелеген аймақтарының иннова-

циялық экономикасының дамуы, оны жетілдірудің және тиімділігін бағалаудың жаңа әдістері мен әдістемелерін қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі таңда жекелеген кәсіпорындар деңгейінде инновациялық жобалардың тиімділігін бағалау бойынша әдістер кеңінен зерттеліп, қалыптастырылуда. Бірақ макроэкономикалық тұрғыда бұл әдістерді қолдану қиындық тудырады. Сондықтан шетелдік және Қазақстандық зерттеушілер мен ғалымдар аймақтар мен тұтас мемлекеттік деңгейде, инновациялық экономиканың дамуын талдау, бағалау және оны жетілдірудің ұсыныстарын кеңінен жасауы тиіс. Дегенмен, жаңа әдістерді қолдану ыңғайлы болуы қажет, әрі есептеу жұмыстарын жүргізу барысында қажетті мәліметтер қолжетімді болғаны маңызды. Бұл мақалада автормен жасақталған және ұсынылған инновациялық қызметті талдау мен бағалау әдісі негізгі әрі қолжетімді көрсеткіштердің негізінде қолданылатындықтан есептеуге қолайлы болады. Берілген әдіс аймақтың экономикалық дамуын зерттеу кезінде, оның ішінде инновациялық дамуын талдау мен бағалау кезінде тиісінше органдар мен мекемелерде қолдануға болады. Сонымен қатар берілген тақырып бойынша ғылыми теориялық және эмпирикалық зерттеулер жүргізу кезінде берілген формулаларды және әдісті қолдана отырып, объективті нәтижелер алуға, соның негізінде аймақтық даму стратегияларына өзгерістер енгізуге және қосымша даму тетіктерін қарастыру мен енгізуге мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әмірбекұлы Е. Инновациялық бизнес: Моногр. – Алматы: Эверо, 2012. – 188 б.
2. Қусаинов Х.Х., Әжмұрат Н.Т. Аймақтық экономика және басқару: Оқу құралы / Х.Х. Қусаинов, Н.Т. Әжмұрат. – Алматы: «Бастау» баспасы. – 2013. – 2016 б.
3. Marisa Dziallas, Knut Blind. Innovation indicators throughout the innovation process: An extensive literature analysis. Technovation. – Vol. 80-81. – February-March 2019. – P. 3-29. <https://doi.org/10.1016/j.technovation.2018.05.005> <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0166497217301402>
4. Төлепов Ә.Е., Майдырова А.Б. Assessment of the effectiveness of innovative activities of

enterprises in the West Kazakhstan region // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысының экономика сериясы. – 2020. – №4. – 230 б. <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-4-94-103>

5. Шорина А.А., Фролова Н.В. Анализ методик оценки уровня инновационного развития региона. Инновационное развитие регионов: методы оценки и поддержка исследований // Межвузовский сборник научных статей. – Пермь, 2009. – 143 с.

6. Евдокимова Т.Г., Маховикова Г.А., Ефимова Н.Ф. Инновационный менеджмент. – СПб., 2005. – 224 с.

7. Швандар В.А., Горфинкел В.Я. Инновационный менеджмент: Учебник / Под ред. проф. В.А. Швандара, проф. В.Я. Горфинкеля. – М.: Вузовский учебник, 2005. – 382 с.

8. Сатыбалдин Ә., Исабеков Б., Бишаков Д. Өндіріс саласындағы инновация және кәсіпкерлік: Моногр. – Алматы: ИЦ ОФППИ «Интерлигал», 2006. – 339 б.

9. Абдыгаппарова С.Б. Инновационный потенциал Казахстана: механизмы активизации: Моногр. – Алматы: Экономика, 2001. – 158 с.

10. Колосова Т.В. Обеспечение устойчивого развития предприятия на основе повышения его инновационного потенциала: Автореф. дисс. доктора наук Т.В. Колосова. – Нижний Новгород, 2011. – 44 с.

11. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. <https://stat.gov.kz/>

12. Ұлттық зияткерлік меншік институтының ресми сайты. [https://kazpatent.kz/sites/default/files/statisticheskie\\_dannye\\_za\\_2017\\_god\\_rus.pdf](https://kazpatent.kz/sites/default/files/statisticheskie_dannye_za_2017_god_rus.pdf)

#### REFERENCES

1. Amirbekuly E. Innovatsiialyq biznes: Monogr. – Almaty: Evero, 2012. – 188 b. [in Kazakh].

2. Kusainov N.H., Ajmurat N.T. Aimaqtyq ekonoməka jane basqary: Oqu quraly / N.H. Kusainov, N.T. Ajmurat. – Almaty: «Bastau» baspasy. – 2013. – 2016 b. [in Kazakh].

3. Marisa Dziallas, Knut Blind. Innovation indicators throughout the innovation process: An extensive literature analysis. Technovation. – Vol. 80-81. – February-March 2019. – P. 3-29. <https://doi.org/10.1016/j.technovation.2018.05.005> <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0166497217301402> [in English].

4. Tolepov A.E., Maidyrova A.B. Assessment of the effectiveness of innovative activities of enterprises in the West Kazakhstan region // L.N. Gumilev atyndagy ENU habarshysynyn ekonomika seriasy. – 2020. – №4. – 230 b. <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-4-94-103> [in Kazakh].

5. Shorina A.A., Frolova N.V. Analiz metodik ocenki urovnja innovacionnogo razvitija regiona. Innovacionnoe razvitie regionov: metody ocenki i podderzhka issledovaniy // Mezhvuzovskij sbornik nauchnyh statej. – Perm', 2009. – 143 s. [in Russian].

6. Evdokimova T.G., Mahovikova G.A., Efimova N.F. Innovacionnyj menedzhment. – SPb., 2005. – 224 s. [in Russian].

7. Shvandar V.A., Gorfinkel V.Ja. Innovacionnyj menedzhment: Uchebnyk / Pod red. prof. V.A. Shvandara, prof. V.Ja. Gorfinkelja. – M.: Vuzovskij uchebnyk, 2005. – 382 s. [in Russian].

8. Satybaldin A., Isabekov B., Bishakov D. Ondiris salasyndagy innovatsiia jane kasipkerlik: Monogr. – Almaty: ITs OFPPI «Interləgal», 2006. – 339 b. [in Kazakh].

9. Abdygapparova S.B. Innovacionnyj potencial Kazahstana: mehanizmy aktivizacii: Monogr. – Almaty: Jekonomika, 2001. – 158 s. [in Russian].

10. Kolosova T.V. Obespechenie ustojchivogo razvitija predprijatija na osnove povysheniya ego innovacionnogo potenciala: Avtoref. diss. – Nizhnij Novgorod, 2011. – 44 s. [in Russian].



11. Qazaqstan Respublikasy Strategiialyq josparlau jane reformalar agenttigi Ulttyq statistika biirosynyc resmi saity. <https://stat.gov.kz/> [in Kazakh].

12. Ulttyq ziiatkerlik menshik institutyrynyn resmi saity. [https://kazpatent.kz/sites/default/files/statisticheskie\\_dannye\\_za\\_2017\\_god\\_rus.pdf](https://kazpatent.kz/sites/default/files/statisticheskie_dannye_za_2017_god_rus.pdf) [in Kazakh].

**Ә.Е. Төлепов**

**СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДОВ ОЦЕНКИ ИННОВАЦИОННОЙ  
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РЕГИОНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Аннотация**

В статье рассмотрены особенности и методы анализа и оценки развития инновационной экономики и инновационной деятельности регионов Казахстана. Даны определения понятий инновационный потенциал региона и инновационной восприимчивости. Изучены труды экономистов и ученых-исследователей, занимающихся проблемами развития региональной инновационной экономики. Проклассифицированы группы методов анализа и оценки инновационной деятельности, отраженных в различных зарубежных и казахстанских источниках литературы. Систематизированы и проанализированы показатели развития инновационной экономики Западно-Казахстанского региона, в том числе инновационного потенциала и инновационной восприимчивости. Предложены формулы, разработанные автором для расчета основных показателей инновационной экономики. По итогам расчетов были оценены и определены основные проблемы развития инновационной деятельности Западно-Казахстанского региона за последние годы. Предложены усовершенствованный метод оценки инновационной деятельности на региональном уровне, дополнительные критерии и пути совершенствования выявленных проблем. В конце статьи были сделаны выводы по основным проблемам исследуемой темы.

**A. Tolepov**

**IMPROVING THE METHODS OF ASSESSING THE INNOVATION ACTIVITY  
OF THE REGIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Annotation**

The article considers the features and methods of analysis and evaluation of the development of the innovation economy and innovation activity of the regions of Kazakhstan. The definitions of the concepts of innovative potential of the region and innovative receptivity are given. The works of economists and research scientists dealing with the problems of regional innovation economy development are studied. Groups of methods of analysis and evaluation of innovation activity, reflected in various foreign and Kazakh literature sources, are classified. The indicators of the development of the innovation economy of the West Kazakhstan region, including the innovation potential and innovation susceptibility, are systematized and analyzed. The formulas developed by the author for calculating the main indicators of the innovation economy are proposed. Based on the results of the calculations, the main problems of the development of innovative activity in the West Kazakhstan region in recent years were evaluated and identified. An improved method for assessing innovation activity at the regional level, additional criteria and ways to improve the identified problems are proposed. At the end of the article, conclusions were drawn on the main problems of the topic under study.

